



Білімді мыңды жеңеді

Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары – “Жаңа Халықаралық Университет”, “Арнаулы Қор” және қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп келе жатқан “Интеллектуалдық мектептер” секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болып отыр. Президенттің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде сөйлеген сөзінде 2012 жылға дейін ғылымды инвестициялауды 25 есеге арттырып, 350 миллиард теңгеге дейін жеткізу керектігін кесіп айтты. Аталған салада реформа жүргізу үшін 2007-2012 жылдарға ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы және 2010 жылы «Ғылым туралы» заңы қабылданды. Соңғы бес жылда қазақстандық ғылымды қаржыландыру 4 есеге артып, осы жылы 18,5 миллиард теңге болды. Осындай шаралардың арқасында «Инновациялық даму» индексі бойынша ғаламдық бәсекелестікте Қазақстан 13 орынға жылжыды. Қазақстанның білім саласында жеткен жетістіктерінің бірі 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның табысты аяқталып, Қазақстанның Болон процесіне қосылуы болды. Бұл процестің негізгі шартының бірі, қазіргі күнде маңызды болып отырған үздіксіз білім беру. Яғни, білім беру жүйесі бірнеше сатыдан құралып, негізгі өзгеріс жоғары білім беру ісінде жүзеге асырылып, маман дайындауда Бакалавр – Магистратура – PhD докторантура жүйесі енгізілді. Елбасы өзінің Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде сөйлеген сөзінде «бізді болашаққа апаратын интеллектуалды ұлт» деп баса айтқан болатын. Ол үш аспект бойынша жүреді: бірінші – Қазақстанның білім жүйесінің секірісі; екінші – «интеллектуалды ұлт» ғылымының дамуы және елдің ғылыми потенциалын арттыру; үшінші – инновация жүйесін дамыту. Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың 2011 ҚР БҒМ алқасының кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде аға

Дана халқымызда «Асыл - тастан, ақыл - жастан» деген мақал бар. Жастары білімді елдің болашағы жарқын. Әлемдік аренада Қазақстан мемлекетінің басшысы Н.Назарбаевты елді индустрияландыруға, жаңа технологияларды ендіріп, қазақ жастарын техникалық прогреске бейімдеуге бағыт ұстанған салмақты саясаткер деп біледі. Шынында да ой мен білімнің ғасыры келгендігін үнемі қайталайтын Президент жастарға арқа сүйейді. Өйткені, елдің болашағын бүгіннен бастап қалыптастырсақ, ертеңгі күнге алаңдамауға болады.

жоспарланған мемлекеттік бағдарламада негізгі көңіл бөлген мәселелердің бірі оқытушылардың біліктілігін арттыру, талапкерлердің оқуға түсу кезіндегі Бірыңғай Ұлттық тест жүйесін жетілдіру және e-learning электронды оқытуды енгізу, зерттеу университеттерін құру болды. Соңғы міндеттердің бірінің нәтижесі ретінде жуырда

ашылған Назарбаев университетін айта кетсек болады. Оқытушылардың біліктілігін арттырудың түрлі жолдары да жүзеге асып жатыр. Солардың бірі – мұғалімдерге шетелдерде тәжірибе алмасуға мемлекеттік гранттар бөлініп, 2009 жылдан бері Президент жолдауында көрсетілгендей, жалақылары 25-30 пайызға дейін көтерілуде. Оқытушы мұғалімдермен бірге студенттердің шәкіртақылары да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Елбасының білім сапасын дамытып, жетілдіруде жүргізіп отырған осындай саясатының арқасында қанша мыңдаған студент елімізде, «Болашақ» бағдарламасы бойынша жылына 500-1000 студент шетелдерде тегін білім алуда.

Ғылыми тәжірибе мен өндірістің қабысуы, тікелей қолданысқа түсуі биылғы Жолдаудың тағы бір ерекшелігі болды. Мәселен, «жоғары оқу орындарының санынан сапасы артық болуы керек» деген қағиданы қатаң басшылыққа алған Президентіміздің «2020 жылға дейін ұлттық аккредитациядан өткен жоғары оқу орындарының саны отыз пайыздан кем болмауы тиіс» және «ғылыми тәжірибе жетістіктерінің өндіріске енгізілуі жөнінен жоғары оқу орындары ең кем дегенде бес пайыздық жүйені құрауы керек» деген нақты тапсырманы міндеттенген біздің университетіміздің ұжымы да бар күш-жігерін осы іске арнайды дегіміз келеді.

Б.Бөлегенова,
саяси ғылымдарының кандидаты,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің
тәрбие бөлімінің бастығы.